

Артемук Максим Федорович 1997 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін «Железнодорожное АМФ» ЖШС құрылтайшысы және директоры болып табылады.

Қарасу ауданында танымал меценат Максим Федоровичтің барлық еңбек қызметі ауыл шаруашылығымен байланысты. Жалпы еңбек өтілі 65 жыл, оның ішінде ЖШС директоры ретінде 23 жыл.

2006 жылдан бастап 2009 жылға дейін ол туған ауылындағы екі қабатты 24 пәтерлі үйді қалпына келтіріп, кілттерін табыстады. 2002 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін Железнодорожное орта мектебінің үздіктері «Железнодорожное АМФ» ЖШС қаражаты есебінен ай сайынғы стипендия алады. 2017 жылы Максим Федорович кәсіпорнының қаражаты есебінен Октябрь ауылдық ауруханасына жөндеу жүргізілді.

2018 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында Қарасу ауданының Октябрьское ауылында ауыл шаруашылығы саласының қызметкерлері, мұғалімдері мен дәрігерлері үшін 12 пәтерлі тұрғын үй ашылды. Октябрь кәсіптік-техникалық училищесінің бір кездегі оқу корпусын қайта жаңарту «Железнодорожное АМФ» ЖШС қаражаты есебінен жүргізілді.

«КӨРКЕЙЕ БЕР, ҚОСТАНАЙ» кіші жобасы аясында Қарасу ауылында білім беру және денсаулық сақтау мамандары үшін 9 тұрғын үйдің құрылысы жүргізілді. М.Ф. Артемуктің басшылығындағы «Железнодорожное АМФ» ЖШС бұл жерде де шетте қалған жоқ. Железнодорожное ауылында 2020 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру аясында спорт кешенінің құрылысы аяқталды.

М.Ф. Артемук Ленин, Еңбек Қызыл Ту, «Знак почета», «Құрмет», «Парасат» ордендерімен, «За доблестный труд в ознаменовании 100-летия со дня рождения В.И.Ленина» медальдарымен, ХШЖК қола медалімен, «За освоение целинных земель», «Ветеран труда» медальдарымен, Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 10, 20, 25 жылдығы, Тың жерлерді игерудің 20, 25, 30, 50 жылдығы мерекелік медальдарымен марапатталды.

Қостанай облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы № 558 шешімімен М.Ф. Артемукке «Қостанай облысының Құрметті азаматы» атағы берілді.



Артемук Максим Федорович с 1997 года по настоящее время является учредителем и директором ТОО «Железнодорожное АМФ».

Вся трудовая деятельность Максима Федоровича - известного в Карасуском районе мецената, связана с сельским хозяйством. Общий трудовой стаж работы 65 лет, из них директором ТОО 23 года.

С 2006 по 2009 год им было восстановлено и сдано под ключ 24 квартиры в двухэтажных домах родного села.

С 2002 года и по настоящее время отличники Железнодорожной средней школы получают ежемесячную стипендию за счет средств ТОО «Железнодорожное АМФ». В 2017 году за счет средств предприятия Максима Федоровича был проведен ремонт Октябрьской сельской больницы.

В 2018 году в рамках реализации программы «Рухани жаңғыру» в селе Октябрьское Карасуского района был открыт 12-ти квартирный жилой дом для работников сельскохозяйственной сферы, учителей и врачей. Реконструкция некогда учебного корпуса Октябрьского профессионально-технического училища также проводилась за счет средств ТОО «Железнодорожное-АМФ».

В рамках подпроекта «КӨРКЕЙЕ БЕР, ҚОСТАНАЙ» в селе Карасу велось строительство 9-ти жилых домов для специалистов образования и здравоохранения. ТОО «Железнодорожное АМФ» под руководством Артемука М.Ф. и здесь не осталось в стороне. В селе Железнодорожное в 2020 году в рамках реализации программы «Рухани жаңғыру» было завершено строительство спортивного комплекса.

Артемук М. Ф. был награжден орденами Ленина, трудового Красного знамени, «Знак почета», «Құрмет», «Парасат», медалями «За доблестный труд в ознаменовании 100-летия со дня рождения В.И.Ленина», Бронзовая медаль ВДНХ, «За освоение целинных земель», «Ветеран труда», юбилейными медалями к 10, 20, 25 - летию Независимости Республики Казахстан, к 20, 25, 30, 50 летию освоения целины.

Решением Костанайского областного маслихата № 558 от 10 декабря 2020 года Артемук М.Ф. присвоено звание «Почетный гражданин Костанайской области».

